

**Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты
Ғылыми кеңестің № 5 отырысының
ХАТТАМАСЫ**

26.12.2025 жыл

Ақтөбе қаласы

Өткізілген уақыты: **2025 жыл «24»12 сағ.:15.00**

Өткізілген орны: *бейне конференц-зал (Әкімшілік ғимарат, 2 қабат)*

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Ғылыми кеңестің төрағасы:

Есболаев Ғ.

институт бастығы,
полиция полковнигі

Ғылыми хатшы:

Қаратаев Т.

полиция полковнигі

МҮШЕЛЕРІ:

Кеңес мүшелері 26

Е.Қайнар; А. Сахарбай; С.Айжанов; М. Алғожаев; Ж.Абдрахманов;
А.Тайшыбаева; Д. Амангельдиев; А.Саттарова; Н.Чупринюк; А. Ибраева;
Н.Саханова; А.Мерғалиев; Е.Алдияров; Е.Туребеков; Л.Жубандыкова;
В.Хасанова; Т.Бисенова; Н.Каирова; М.Найманбаев; А.Курманова; Б.Уайсов;
Ф.Галым; А.Алимпиев; В. Сюняков; А.Жұмағұлов; Д.Кулмуханова.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Құқық қорғау органдарының жаңа болмыстағы заманауи қызметін жетілдіру» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағын талқылау (2025-2026 жж *FK жоспарының 49 тармағы*)

2. Институттың Ғылыми-зерттеу қызметінің 2025 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебін талқылау (2025-2026 жж *FK жоспарының 55 тармағы*)

3. Институттың 2026 жылға арналған Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарын талқылау (2025-2026 жж *FK жоспарының 56 тармағы*)

Институт бастығының орынбасары полиция полковнигі А. Сахарбайдың ақпараты

4. Қосымша білім беру факультетінің 2025 жылғы атқарған жұмысы туралы есебін талқылау (2025-2026 жж *FK жоспарының 51 тармағы*)

5. Қосымша білім беру факультетінің 2026 жылға кіріс және шығыс бақылауын ұйымдастыруға арналған оқу бағдарламаларын талқылау туралы (2025-2026 жж *FK жоспарының 53 тармағы*)

6. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша мамандарды даярлау орталығының 2025 жылғы атқарған жұмысы туралы есебін талқылау (2025-2026 жж *FK жоспарының 52 тармағы*)

7. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша мамандарды даярлау орталығының курстары бойынша 2026 жылға арналған тақырыптық жоспарлары мен оқу бағдарламаларын талқылау (2025-2026 жжж *ҒК жоспарының 53 тармағы*)

8. 2025 жылғы Жас ғалымдар кеңесінің қызметі туралы есебін талқылау (2025-2026 жжж *ҒК жоспарының 54 тармағы*)

9. «Институттың 2025-2029 жж. даму жоспарының» негізінде 2025 жылғы атқарған жұмысы туралы есебін талқылау (2025-2026 жжж *ҒК жоспарының 57 тармағы*)

10. Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімінің 2025 жылғы атқарған жұмысы жөніндегі есебін талқылау (2025-2026 жжж *ҒК жоспарының 58 тармағы*)

11. «Институттың 30-жылдық мерейтойына арналған медальдің» эскизін талқылауға ұсыну (*Жоспардан тыс*)

12. Жеке құраммен жұмысы жөніндегі бөлімінің 2025 жылғы атқарған жұмысы жөніндегі есебін талқылау (2025-2026 жжж *ҒК жоспарының 58 тармағы*)

13. Тылдық қамту бөлімінің 2025 жылғы атқарған жұмысы жөніндегі есебін талқылау (2025-2026 жжж *ҒК жоспарының 59 тармағы*)

14. Н. Каированың «Методология научного исследования» оқу құралын талқылау (*жоспардан тыс*)

15. Ғ.Есболаев, Т. Қаратаевтың «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу (Сотқа дейінгі өндіріс)»: оқу құралын талқылау (*жоспардан тыс*)

16. Т.Ж. Каратаевтың 50500-«Құқықтану ғылымдары» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру жөнінде ұсынған материалдарын қайта талқылау (*жоспардан тыс*)

17. Ғылыми кеңестің жаңа құрамын жасақтау жөніндегі ақпаратты талқылау (*жоспардан тыс*)

18. «Институттың Ғылыми Кеңестің ережесін» талқылау жөнінде ақпарат

19. А. Тайшыбаеваның «Правовые и этические аспекты внедрения искусственного интеллекта в уголовное судопроизводство»: монографиясын тақылау (*жоспардан тыс*)

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы

ТЫНДАЛДЫ:

Төраға: Күн тәртібінде 17 сұрақ қаралады (жоспар бойынша 13 сұрақ).
Қатысушылар сұрақтарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Сұрақ жоқ. Қолдаймыз.

1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – Құрметті әріптестер! «Құқық қорғау органдарының жаңа болмыстағы заманауи қызметін жетілдіру» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағын талқылау» сұрағы бойынша, баяндама жасау үшін сөз кезегі Ғылыми зерттеу және редакциялық баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің ғылыми қызметкері полиция подполковнигі А. Алимпиевке беріледі

А.Алимпиев: Басылымда отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының заң ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулерінің нәтижелері, ғалымдардың, магистранттар мен докторанттардың, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен басқа да мемлекеттік билік органдары қызметкерлерінің еңбектері ұсынылғандығын, жинаққа барлығы 34 мақала енгізілгенін, оның ішінде қазақстандық авторлардың 20 мақаласы (соның ішінде институт қызметкерлерінің 7 мақаласы), Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы және Қырғыз Республикасы авторларының 14 мақаласы бар (26 мақала ресми тілде, 8 мақала–мемлекеттік тілде) екендігін айтты. Жинақтың жалпы көлемі 214 беттен тұрады.

Төраға: аталған сұрақтар кеңестердің талқылауынан өтті ме.

Е. Қайнар – Аталған жинақтың Оқу-әдістемелік және ғылыми әдістемелік кеңесіне қарала отырып бір шешімге келгендігін. Сондықтан аталған ұсынысты бір ауыздан мақұлдауды сұрады.

Кеңес мүшелері А. Сахарбай; А. Ибраева және өзге қатысушылар мақұлдауды және баспаға жіберу туралы ұсыныс білдірді.

Аталған ұсыныс Ғылыми кеңес мүшелерімен – бір ауыздан мақұлданды.

ШЕШІМ

1 «Құқық қорғау органдарының жаңа болмыстағы заманауи қызметін жетілдіру» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы мақұлданды.

2 Жинақты ашық баспа бетінде жариялау туралы шешім қабылданды.

2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – «Институттың Ғылыми-зерттеу қызметінің 2025 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі» жөнінде баяндама жасау үшін сөз кезегі Ғылыми зерттеу және редакциялық баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің ғылыми қызметкері полиция подполковнигі А. Алимпиевке берілді.

А. Алимпиев: Институттың 2025 жылғы Ғылыми-зерттеу қызметі туралы есебі жөнінде ақпарат берді. Институттың ғылыми-зерттеу қызметі – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің нормативтік-құқықтық актілері негізінде жүзеге

асырылғандығын жеткізді. Жыл бойы ауқымды жұмыс жасалынғандығын жеткізді. Сонымен қатар, А. Алимпиев атқарылған барлық жұмыстар бойынша негізгі іс-шараларға тоқталып, жетілдіру бағыттарын атап кетті.

Төраға: Ғылыми қызметі жұмысына қатысты қандай мәселелер бар

А. Алимпиев: Ғылыми қызметінің 2025 жылға арналған жоспарына, 22.10.2025 жылы ҒК 3 отырысына өзгерістер жасалынды, 7 адам жұмыстан кетіп және өзге лауазымдарға ауысқан болатын. Осыған байланысты өзгерістер болды.

А. Сахарбай: Ғылыми қызметінің 2025 жылға атқарылған жұмыстарының есебі Ғылыми-әдістемелік кеңесінің талқылауынан өткен болатын. Бірқатар орындалмаған позициялар бар, оның себептері қызметкерлердің ауысып кетуі немесе журналдың өз мерзімінде шықпауына байланысты болып отыр.

Сонымен қатар Ғылыми жұмыстардың орындалуы жөнінде Н. Саханова; М. Найманбаев және өзге мүшелер тоқталды.

Ғылыми Кеңес мүшелерінің дауыс беруі арқылы, жұмыс қанағаттандыруарлық ретінде табылды.

Қалыс қалғандар болған жоқ.

ШЕШІМ

1 Институттың Ғылыми-зерттеу қызметінің 2025 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі қанағаттандыруарлық ретінде танылды.

2 Институттың Ғылыми-зерттеу қызметінің 2026 жылы атқарылатын жұмыстары өз мерзімінде және сапалы әзірленіп, орындалсын.

3. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – «Институттың 2026 жылға арналған Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарын талқылау» бойынша баяндама жасау үшін сөз Институт бастығының орынбасары полиция полковнигі А. Сахарбайға беріледі.

Сахарбай: 2026 жылғы арналған институттың ғылыми қызметі жұмысының жоспарымен таныстырып кетті. Аталған жоспардың ғылыми-әдістемелік кеңесте талқыландығын жеткізді. Сонымен қатар, 2026 жылға арналған жоспардың 5 тараудан, 312 тармақтан тұратындығын жеткізді. Тараулар: «Ғылыми зерттеулер»; «Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ендіру»; «Ғылыми еңбектердің жинақтарын, оқу құралдарын және өзге де әдістемелік әдебиеттерді дайындау»; «Конференция, семинар, дөңгелек үстелдер, кафедралардың шығу отырыстары»; «Курсанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары» бағыттарынан тұрады. Жоспарға сай барлық құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері ендірілгендігін жеткізді.

Төраға: Жоспарға сай ұсыныстарыңыз бар ма.

А. Ибраева: Құрметті төраға. Біздің кафедрада симпозиум өткізу жоспарланды. Оның мәртебесін өзгертсек қалай болады деп ойлайсыз.

Төраға: Меніңше аталған іс-шараны институт көлемінде жүзеге асыруға болады деп есептеймін. Тағы қандай ұсыныстарыңыз бар.

М. Найманбаев: аталған жоспар ғылыми әдістемелік кеңестің отырысында талқыланды. Жоспарды бекітуге болады деп санаймын.

Аталған ұсыныс жөнінде: Н. Саханова; Е. Төребеков; А. Мерғалиев Жоспарды бекіту жөнінде сөз сөйледі.

Ғылыми Кеңес мүшелерімен жоспар бекітілуге ұсынылды. Қалыс қалған жоқ.

ШЕШІМ

1 Институттың 2026 жылға арналған Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары талқыланып, мақұлданды

2 Институттың Ғылыми-зерттеу қызметінің 2026 жылы атқарылатын жұмыстары өз мерзімінде және сапалы әзірленіп, орындалсын.

4. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Төраға: – «Қосымша білім беру факультетінің 2025 жылғы атқарған жұмысы туралы есебі» жөнінде ақпарат беру үшін сөз кезегі Қосымша білім беру факультетінің бастығы полиция полковнигі А. Саттароваға беріледі.

А. Саттарова: Қосымша білім беру факультетіндегі жұмыс институт бастығы бекіткен 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына, Факультет туралы Ережеге және Факультет қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес ұйымдастырылғандығын.

2025 жылы Факультет қызметкерлері келесі жұмыс көлемін жүзеге асырылғандығын, жеткізді:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 990 «2025 жылға арналған оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес факультет келесі жұмыс көлемін ұйымдастырды:

- біліктілікті арттыру курстарында 27 (жиырма жеті), оның ішінде: 19 – офлайн, 8 – онлайн;

- 4- мобильдік академия (Шығыс Қазақстан облысы ПД, Павлодар облысы ПД, Солтүстік Қазақстан облысы ПД, Жамбыл облысы ПД);

- қайта даярлау курстары – 3 (екі) офлайн форматта;

- 4- қатардағы кіші басшы және орта басшы құрамдағы лауазымдарына түсетін тұлғаларға әкімшілік полиция бойынша арналған алғашқы кәсіптік даярлық курстары;

- 2- Ішкі істер департаментіне орта басшы құрам, қатардағы және кіші басшы құрамдағы қызметке кіретін ІО бөлімшелерінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілері үшін алғашқы кәсіптік даярлық курстары. (ҚББТ) (ӘМК).

Аталған сұрақ жөнінде: Т. Қаратаев; Н. Саханова; Е. Төребеков; А. Ибраева сөз сөйлеп, қорытындыны бекітуге болады деп есептеді.

Ғылыми Кеңес мүшелерімен жоспар бекітілуге ұсынылды. Қалыс қалған жоқ.

ШЕШІМ:

1. Факультеттің 2025 жылы оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру туралы ақпараты назарға алынсын.

2. ҚББФ-де оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру нәтижелері туралы есеп институттың Қазақстан Республикасы ІІМ ЖҚЖЖД қарауға ұсынылсын.

3. Шешімнің орындалуын бақылау полиция полковнигі А.Ф.Саттароваға жүктелсін.

5. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – «Қосымша білім беру факультетінің 2026 жылға кіріс және шығыс бақылауын ұйымдастыруға арналған оқу бағдарламалары» жөнінде баяндама жасау үшін сөз кезегін Қосымша білім беру факультетінің бастығы полиция полковнигі А. Саттароваға берді.

Саттарова А.: Өз сөзінде «2026 жылға арналған бастапқы арнайы даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарының жоспар-кестелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ бұйрығының жобасына сәйкес, қосымша білім беру факультеті қылмыстық құқық және криминология, қылмыстық процесс және криминалистика, жалпы заң пәндері, кәсіби психологиялық даярлық, әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі, арнайы-тактикалық пәндер, дене шынықтыру, көлік объектілерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету кафедраларымен бірлесіп, 2026 жылы факультетте білім алушылар үшін оқу бағдарламаларының жобалары уақтылы дайындалғандығын, оның саны 19 екендігін жеткізді.

М. Найманбаев: Құрметті төраға және мүшелер. Қазіргі таңда оқу бағдарламалары ІІМ жоспарына сай әзірленгені, кафедра, оқу әдістемелік отырысында қаралғандығын жеткізді.

Е. Қайнар: Ия аталған сұрақ оқу әдістемелік Кеңесінің отырысында талқыланып мақұлданды. Оқу бағдарламаларының жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Ғылыми кеңес мүшелері бір ауыздан мақұлдады. Қалыс қалған жоқ.

ШЕШІМ :

1. Қосымша білім беру факультетінің 2026 жылға арналған оқу бағдарламаларын дайындау туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Факультеттің 2026 жылға арналған оқу бағдарламалары мүдделі қызметтермен келісу үшін Қазақстан Республикасының ІІМ-не жіберілсін (жауапты-А.Ф.Саттарова, мерзімі-2026 жылғы 20 қаңтарға дейін).

4. Шешімнің орындалуы факультет бастығы полиция полковнигі А.Ф.Саттароваға жүктелсін.

6. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша мамандарды даярлау орталығының 2025 жылғы атқарған жұмысы туралы есебі» жөнінде баяндама жасау үшін сөз кезегі Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша мамандарды даярлау орталығының бастығы, полиция полковнигі М. Найманбаевқа беріледі.

М. Найманбаев: Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мамандарды даярлау орталығындағы жұмыс 2025 жылға арналған институт бастығы бекіткен Жұмыс жоспарына, сондай-ақ Орталық туралы Ережеге және Орталық қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес

ұйымдастырылады. 2025 жылы Орталық қызметкерлері мынадай көлемде жұмыс атқарды:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы «2025 жылға арналған оқу жоспарларын бекіту туралы» №990 бұйрығына сәйкес, Орталық ҚР ПО қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының 12 (он екі) оқу келуі ұйымдастырды, оның ішінде 6 офлайн, 6 онлайн форматында өткізілді. ҚР ИМ нұсқаулығына сәйкес Ресей ИМ қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарында 1 онлайн оқыту жүргізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О. Бектеновтің төрағалығымен ҚР Үкіметі жанындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысының 2025 жылғы 23 шілдедегі хаттамасының 2-тармағына сәйкес, медициналық мекемелер психологтарының біліктілігін арттыру курстарында 1 офлайн оқыту өткізілді.

Жоғарыда көрсетілген ҚР ИМ бұйрығына сәйкес, 2025 жылы біліктілікті арттыру курсына жалпы 249 қызметкерді оқыту жоспарланған (2024 жылы — 240). Жалпы 249 қызметкер оқудан өтті (2024 жылы — 233, келмегендер — 7). Оқу сертификатын 238 қызметкер алды (2024 жылы — 215), сертификат алмағандар — 11 қызметкер, оның ішінде: 6 қызметкер (2024 жылы — 18) «шығыс бақылауы» нәтижесі бойынша, соның ішінде қанағаттанарлықсыз баға алғандар; 5 қызметкер «шығыс бақылауына» онлайн қатыспағандықтан сертификат ала алмады.

Ресей ИМ желісі бойынша біліктілікті арттыру курстарында онлайн оқудан 9 қызметкер өтті және оқу аяқталғаны туралы сертификат алды.

Ақтөбе облысының медициналық мекемелер психологтары желісі бойынша біліктілікті арттыру курстарында офлайн оқудан 21 қызметкер өтті және оқу аяқталғаны туралы сертификат алды.

Оқу процесі ҚР ИМ және институт басшылығы бекіткен тақырыптық жоспарлар, оқу бағдарламалары және жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылған. Сабақтар лекция, практикалық сабақ және тренинг түрінде әртүрлі интерактивті әдістер мен әдістемелерді қолдана отырып, топтық және жеке форматта өткізіледі; оқытуды институттың ең білікті профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері жүргізеді.

Жеке сабақ түрлерін өткізуге институт басшылығы, ведомстволық және басқа да жоғары оқу орындарының жетекші ғалымдары мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлері, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардың басшылық құрамының өкілдері, құқық қорғау органдарының ардагерлері, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы мамандар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған шарттар мен тәртіпке сәйкес шетелдік сарапшылар тартылуда.

Оқу процесін ұйымдастырудағы проблемаларды зерттеу мақсатында Орталық білім алушылар арасында сауалнама және анкеталау жүргізілгендігін жеткізді.

Төраға: Кімде сұрақ бар.

А. Сахарбай: Аталған қорытынды есептің Ғылыми әдістемелік кеңесте талқыланғандығын жеткізді. Сондықтан Ғылыми кеңестің мүшелерінен оны мақұлдауды сұрады.

Ғылыми кеңестің барлық мүшелері қорытындыны бірауыздан мақұлдауды сұрады.

ШЕШІМ:

1 Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мамандарды даярлау орталығының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2 Шешімнің орындалуын полиция полковнигі М.Ж.Найманбаевқа бақылауға тапсыру.

7. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша мамандарды даярлау орталығының курстары бойынша 2026 жылға арналған тақырыптық жоспарлары мен оқу бағдарламалары» жөнінде баяндама жасау үшін сөз кезегі Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша мамандарды даярлау орталығының бастығы, полиция полковнигі М. Найманбаевқа беріледі.

М. Найманбаев: Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мамандарды даярлау орталығы Әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі, Қылмыстық құқық және криминология, Қылмыстық процесс және криминалистика, Жалпы құқықтық пәндер және Кәсіби психологиялық даярлық кафедраларымен бірлесе отырып, 2026 жылға арналған оқу орталығында білім алушыларға арналған келесі тақырыптық келуі бойынша оқу бағдарламаларын әзірледі:

– «Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және ескерту жөніндегі полиция қызметі (ҚАПБ аға УПИ, УПИ, ҰҰ қызметкерлері)»;

– «Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтердің алдын алу және профилактикасы (ювеналдық полиция қызметкерлері)»;

– «Кәмелетке толмағандарға қатысты құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және профилактикасы (ювеналдық полиция қызметкерлері)»;

– «Гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу және профилактикасы жөніндегі полиция қызметі (учаскелік полиция инспекторлары, ГЗЖН)».

Оқу бағдарламалары ҚР ҒжБМ мен ҚР ІІМ талаптарына сәйкес әзірленді. Бағдарламалардың құрылымында: түсіндірме жазба, тақырыптық жоспар, қарастырылатын мәселелердің қысқаша мазмұнымен берілген тақырыптардың атаулары, сондай-ақ курс бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі қамтылған.

Оқу бағдарламалары тиісті бөлімдеріне қатысты кафедра отырыстарында қаралды. Олар институттың Ғылыми кеңесінің отырысында қарауға ұсынылды.

Сонымен қатар Оқу-әдістемелік орталығының талаптарына сәйкес 2026 жылы Орталықта білім алушыларға арналған тест тапсырмалары (кіру/шығу бақылауы) әрқайсысы 25 сұрақтан әзірленді. Тест тапсырмалары (кіру/шығу бақылауы) тиісті бөлімдеріне қатысты кафедра отырыстарында қаралды.

Н. Чупринюк: Құрметті төраға және мүшелер. Қазіргі таңда оқу бағдарламалары ІІМ жоспарына сай әзірленгені, кафедра, оқу әдістемелік отырысында қаралғандығын жеткізді.

Е. Қайнар: Ия аталған сұрақ оқу әдістемелік Кеңесінің отырысында талқыланып мақұлданды. Оқу бағдарламаларының жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Ғылыми кеңес мүшелері бір ауыздан мақұлдады. Қалыс қалған жоқ.

ШЕШІМ:

1. ТЗЗААБМД орталығының 2026 жылға арналған Оқу бағдарламаларын мақұлданып, оларды Қазақстан Республикасы ІІМ-не келісу үшін жолдау туралы шешім қабылданды.

Жауапты.: М.Найманбаев.

Мерзім: 2025 жылғы 30 желтоқсанға дейін.

8. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – Жас ғалымдар мен мамандар Кеңесінің жұмысты туралы сұрақ бойынша, баяндама жасау үшін сөз кезегі Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Е. Қуатұлына беріледі.

Е. Қуатұлы: Ақтөбе заң институтының Жас ғалымдар мен мамандар Кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес сұрақтар шығарылды.

2025 жылғы 25 сәуірде институттың Ғылыми қызметі жоспарына сәйкес сәуір айында «Заң ғылымы және білім беру: өзекті мәселелер мен инновациялар» тақырыбына ҒЗЖРБЖ бөлімі мен Жас ғалымдар кеңесімен халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияны өткізілді.

Сонымен қатар кеңес шешіміне (№4 хаттама) сәйкес Жасанды интеллекттің ғылым саласына көмек беру бағытында кеңес мүшелерінің жасанды интеллектті қолданатын бағдарламаларды дәріптеу мақсатында баяндамалар кестесі құрылды. Баяндамалар кестеге сәйкес дайындалуда.

Кеңес отырысы жоспарға сәйкес өткізіліп отырды. Отырыстарға осы салаға жетекшілік ететін институт бастығының орынбасары қатысты. Сондай-ақ, отырыстарға институттың құқықтану саласындағы ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер шақырылып, ғылым саласындағы озық жетістіктер мен өзекті мәселелерді түсіндіріп өтті.

2026 жылы аралығында Жас ғалымдар мен мамандар Кеңесінің мүшелері полиция майоры К.Жакенов және полиция майоры Н.Сисенов философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін М.Есболатов атындағы Алматы академиясының Диссертациялық кеңесінде диссертациялық зерттеу тақырыбын қорғау жоспарлануда.

Институттың ғылыми әлеуетін арттыру бойынша магистратура бағытында оқып жатқан (2024 алым) бітіруші курс магистранты полиция аға лейтенанты Ж.Самигуллина докторантурада өз білімін жалғастыруға ниет білдіріп отыр.

А. Сахарбай: Аталған есеп Ғылыми-әдістемелік кеңестің отырысында талқыланып болатын. Мақұлдауларыңызды сұраймын.

Қ. Ерланұлы: аталған есепті мақұлдауларыңызды сұраймын.

Ғылыми кеңестің мүшелерімен мақұлданды.

ШЕШІМ:

2025 жылғы Жас ғалымдар мен мамандар Кеңесінің жұмысты туралы есебі қанағаттандыруарлық ретінде танылды.

2026 жылға арналған Жас ғалымдар мен мамандар Кеңесінің жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілу туралы шешім қабылданды.

9. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – «Институттың 2025-2029 жж. даму жоспарының» негізінде 2025 жылғы атқарған жұмысы туралы есебі бойынша баяндама жасау үшін сөз кезегі Жоспарлау және бақылау бөлімінің бастығы полиция полковнигі А. Тайшыбаеваға берілетіндігін жеткізді.

А. Тайшыбаева: Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, институттың регламентін басшылыққа ала отырып, институт бөліністері ұсыныстарының негізінде жоспарлау және бақылау бөлімінің 2025-2029 жылдарға арналған институттың перспективалық жоспарын әзірледі, оған оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлауға, ұйымдастыру мен өткізуге қатысты және оқу-материалдық базаны дамыту мен нығайту, ПО-на кәсіби мамандарды даярлау саласында оқу орындары аясында және халықаралық байланысты ілгерлету іс-шаралары кіреді. Жоспар жобасы 5 бөлімнен және 43 тармақтан тұрады.

Бірінші бөлім. Ұйымдастыру іс-шаралары. Екінші бөлім. Арттыру жөніндегі іс-шаралар мамандарды даярлау сапасы. Үшінші бөлім. Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар. Төртінші бөлім. Кадрлық және тәрбие жұмысын жетілдіру. Бесінші бөлім. Жақсарту жөніндегі іс-шаралар материалдық-техникалық базасы. Сонымен қатар жұмыстың толық орындалғандығын жеткізді.

Аталған сұрақ жөнінде: Айжанов А.; А. Құрманова сөз сөйлеп қорытынды есепті толық қарап шыққандығын және қанағаттандыруды сұрады.

Қорытынды есеп бір ауыздан мақұлданды. Қалыс қалғандар болған жоқ.

ШЕШІМ:

1. 2025-2029 жылына арналған институттың перспективалық жоспары тармақтарының орындалуы жөнінде есеп қанағаттандыруарлық ретінде танылды.

2. 2025-2029 жылына арналған институттың перспективалық жоспары тармақтарының орындалуына және уақытылы белгілерді қоюға бақылауды күшейту жөнінде шешім қабылданды.

3. Жоспар тармақтарының уақытылы орындалмаған тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылсын.

10. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – Тәрбие жұмысының қорытындысы жөнінде баяндама жасау үшін сөз кезегі Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Б. Уайсовқа берілетіндігін жеткізді.

Б. Уайсов: Институттың жеке құрамымен тәрбие және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-1-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген ҚР ІІМ-нің 2022 жылғы 30 қарашадағы №921 бұйрығымен бекітілген "ішкі істер органдарының жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру қағидаларына", ІІМ-нің кадрлық және идеологиялық жұмыс жоспарына, институттың негізгі іс-шаралар жоспарына, ІІМ мен институт басшылығының ағымдағы нұсқауларына сәйкес ұйымдастырылады және жүргізілетіндігін жеткізді.

Аталған сұрақ жөнінде: Айжанов А.; А. Құрманова сөз сөйлеп қорытынды есепті толық қарап шыққандығын және қанағаттандыруды сұрады.

Қорытынды есеп бір ауыздан мақұлданды. Қалыс қалғандар болған жоқ.

ШЕШІМ:

1 Институттың жеке құрамы арасында тәрбие және идеологиялық жұмысына бақылау күшейтілсін.

2. Жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықты, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды нығайту мақсатында тәрбие жұмысының нысандарын, құралдары мен әдістерін жандандыру.

11. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Құрметті әріптестер өздеріңіз білесіздер. Ғылыми кеңестің 2 отырысында институттың 30 жылдық мерейтойына байланысты жоспар талқыланып, мақұлданған болатын. Аталған жоспарға сәйкес, «Институттың 30-жылдық мерейтойына арналған медальін» жасау жөнінде шешім қабылданған. Қазір «Институттың 30-жылдық мерейтойына арналған медальдің» эскизі талқылауға ұсынылып отыр. Аталған сұрақ бойынша, баяндама жасау үшін сөз кезегі Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Б. Уайсовқа берілетіндігін жеткізді.

Б. Уайсов: 2025 жылғы 24 қыркүйектегі № 2 Ғылыми кеңесте мақұлданған оқу орнымыздың 30 жылдық мерейтойына арналған жоспарға сәйкес медаль үлгісін ұсынып, слайдпен көрсетілді. Медаль төмендегі материалдардан жасалатындығын: сары түсті металл (жез); көк түсті эмаль (түс коды: 1404); қара көк түсті эмаль (түс коды: 47600) жеткізді.

Медальдің сыртқы өлшемдерінің техникалық сызбаларға сәйкес: медаль лентасының жоғарғы ені — 45 мм; төменгі ені — 24 мм; лентаның ұзындығы — 50 мм; медальдің іліну элементі лентаға бекітілетіндігін. Медальге арналған планка төмендегі материалдардан жасалатындығы: ақ түсті металл; муар лентасы. Бекіту түрі планка мен медальді киімге бекіту үшін: Түйреуіш (булавка) қолданылатындығын жеткізді.

Сонымен қатар, медальдың алдыңғы беті дөңгелек алтын түсті, ортасында «30» саны орналасқан, бұл 30 жылдық мерейтойды білдіреді. Ортасындағы кішкене эмблема — бұл институт эмблемасы. Шеңбердің жоғарғы бөлігіндегі жазу: «ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты» - оқу орнының атауы. Төменгі жағында «1996-2026» жылдары және мерейтойлық өрнектер мен

шексіздік белгісі салынған. «1996-2026» жылдары келесідей мағынаны білдіреді: 1996 жыл – оқу орнының құрылған жылы; 2026 жыл – оқу орнының 30 жылдығы аталып өтетін жылы екені, – оқу орнының 30 жылдық дамуы мен қызмет ету кезеңін білдіретіндігі айтылды. Фондық бөлігінде ұлттық стильге тән өрнек элементтері қолданылғандығы. Медальдің артқы бетінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің эмблемасы орнатылғандығы жөнінде айтып өтті

Төраға: Сұрақтарыңыз бар ма

М. Алғожаев: Медальдің эскизіне өзгерістер жасау қажет екендігі, ою орнаментін қоюға болатындығын, герб медальдің артта қалып кететіндігіне байланысты өзгеріс жасалу керек екендігін жеткізді.

Төраға: Кеңес мүшелерінің жасаған ұсыныстарын есекере отырып, медальдің эскизіне толықтырулар жасауға болатындығын айта келе, кемшіліктер жойылған соң шығару қажет екендігін айтты.

Кеңес мүшелері бір ауыздан қолдады.

ШЕШІМ:

1. «30 жылдық мерейтойға арналған медаль» эскизіне өзгерістер жасала отырып мақұлдау жөнінде шешім қабылданды.

2. «30 жылдық мерейтойға арналған медаль» эскизін 2026 жылдың наурыз айына дейін шығаруға жіберу туралы шешім мақұлданды.

12. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – Жеке құраммен жұмысы жөніндегі бөлімінің 2025 жылғы атқарған жұмысы жөніндегі есебі жөнінде баяндама жасау үшін сөз кезегін Бөлім бастығы полиция подполковнигі А. Құрмановаға ұсынды.

А. Құрманова: Институттың штаттық саны – 207 бірлікті құрайды, оның ішінде: аттестатталған құрам – 141 бірлік, ерікті жалдамалы құрам – 66 бірлік. Нақты қызметкерлер саны – 169 адам, оның ішінде: аттестатталған құрам – 117 қызметкер, оның ішінде 8 қызметкер аттестатталған лауазым есебінен; ерікті жалдамалы құрам – 52 қызметкер. Кадр тапшылығы – 38 бірлік / 18,3% (2024 ж. – 44 / 21,3%), оның ішінде: аттестатталған құрам – 24 / 17% (2024 ж. – 27 / 19,1%), ерікті жалдамалы құрам – 14 / 21,2% (2024 ж. – 17 / 25,7%). Осылайша, кадр тапшылығы 2024 жылмен салыстырғанда 3%-ға төмендеді.

Институтқа жұмысқа орналасуға аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері мен азаматтық қызметкерлер тарапынан жоғары қызығушылық байқалады. Кадрларды іріктеу барысында үміткерлермен әңгімелесу, психологиялық тестілеу арқылы жан-жақты зерделеу жүргізіледі. Практикалық жұмыс тәжірибесі бар, оң мінездемесі бар, сондай-ақ педагогикалық қызметке әлеуеті бар қызметкерлерге басымдық беріледі.

Аталған сұрақ жөнінде: **Айжанов А.** сөз сөйлеп қорытынды есепті толық қарап шыққандығын және қанағаттандыруды сұрады.

Қорытынды есеп бір ауыздан мақұлданды. Қалыс қалғандар болған жоқ.

ШЕШІМ:

1 Осы шешім бойынша жұмысты жалғастыру.

2. Жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықты, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды нығайту мақсатында жұмысты жалғастыру.

13. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – Тылдық қамту бөлімінің 2025 жылғы атқарған жұмысы жөніндегі есебі бойынша, баяндама жасау үшін сөз кезегін бөлім бастығы А. Трофимовке ұсынылады.

А. Трофимов: Есепті кезеңде ағымдағы жылы тылдық қамтамасыз ету бөлімі тарапынан келесі жұмыстар атқарылды: Ғимараттар, құрылыстар және аумақты абаттандыру бойынша:

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу нәтижесінде қалыптасқан қаражат үнемі, сондай-ақ өзге спецификалардан қаражатты қайта бөлу есебінен екі дәріс залына ағымдағы жөндеу жұмыстары және атыс тиріне жөндеу жүргізілді, жалпы сомасы 15 000 000 теңгені құрады. Сонымен қатар, 14 235 707,09 теңге сомасына жүгіру жолы төселіп, 73 000 теңге сомасына трибунаның косметикалық жөндеу жұмыстары жүзеге асырылды.

2025 жылғы 21 шілдеде Ақтөбе заң колледжінің 2003–2005 жылдардағы түлектерінен институт аумағында қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлерге арналған ескерткіш тұрғызу үшін материалдық көмек көрсету туралы өтініш түсті. Аталған өтініш 22.07.2025 жылғы офицерлер жиналысының № 6 хаттамасына сәйкес қолдау тапты. Ескерткіш саптық алаңда орнатылды, қосымша түрде институттың үнемделген қаражаты есебінен 127 000 теңге бөлінді.

Сондай-ақ, Институт аумағында әкімшілік ғимараттың алдында отырғызылған 170 түп кәдімгі қарағайдан тұратын «Курсанттар аллеясы» құрылды. Алдағы уақытта брусчатка төсеу және жарықтандыру жүйесін орнату жоспарлануда.

Автокөлік бойынша:

Қазіргі уақытта Институттың балансында 8 бірлік қызметтік автокөлік бар, ал белгіленген нормаға сәйкес қамтамасыз етілу деңгейі 57%-ды құрайды.

Ағымдағы жылы пайдалану мерзімі 10 жылдан асқан үш бірлік қызметтік автокөлік кәдеге жаратылды (2005 жылғы «Volkswagen Passat», 2007 жылғы «Volkswagen Golf», 2013 жылғы «ЗАЗ Chance»).

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінде республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шеңберінде көлік құралдарын қаржылық лизинг арқылы сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдері өткізілді. Нәтижесінде Институт үшін үш жеңіл автокөлік (Hyundai Sonata, Hyundai Mufasa және Hyundai Tucson) сатып алынды. Hyundai Mufasa және Hyundai Tucson автокөліктерін ағымдағы жылы, ал Hyundai Sonata автокөлігін 2026 жылы тапсыру жоспарлануда.

Электр энергиясы бойынша:

Электр энергиясының апаттық жағдайда жиі ажыратылуына, сондай-ақ электр кабелінің үзілуіне байланысты Ақтөбе қаласының тұрғын үй-

коммуналдық шаруашылығы қызметтерімен бірлесіп 41-разъезд электр станциясынан қосымша резервтік электрмен жабдықтау көзі қосылды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша:

Ағымдағы жылы Ақтөбе облысы Полиция департаментімен қажетті тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алуға жәрдемдесу мәселесі пысықталды, оның нәтижесінде:

Арнайы белгілері бар «НИВА» маркалы автокөлік бөлінді (борттық нөмірлер, жарқылдауық маячоктар, жарық-дыбыс құрылғылары).

Асханаға арналған ыдыс-аяқ 5 129 300 теңге сомасына сатып алынды (бірінші және екінші тағамдарға арналған тәрелкелер, кастрөлдер, ожаулар, шелектер, қасықтар және т.б.).

Бұдан бөлек, Институттың материалдық-техникалық базасын дамыту және білім беру үдерісін жақсарту мақсатында әйелдерге арналған казарма мен спорт кешенін салуға қызығушылық танытқан инвестор тартылды. Қазіргі кезеңде қаржыландыру сомасы, көлемі және іске асыру мерзімдері бойынша алдын ала келісімге қол жеткізілді. Алдын ала сметалық есепке сәйкес, жоба құны шамамен бір миллиард теңгені құрайды. Барлық қажетті құжаттар келісу және шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне жолданды.

Төраға: Жанат Сағидуллаұлы осы жөнінде не айтасыз.

Ж.Абдрахманов: Тыл жұмыс бойынша қолдан келгенше барлық жұмыстар қаражатқа сай жасалып отыр.

Төраға: Меніңше алдағы жылы Тұрмыстық зорлық зомбылықпен күрес жөніндегі орталық пен қосымша білім беру факультетінің орналасқан жерін реттеу керек сияқты немесе жөндеу жұмыстары жасалыну керек. Осы жөнінде жұмыс жасау қажет сияқты.

Қорытынды бір ауыздан мақұлданды. Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ:

1. Қызметтік автокөліктер алынғаннан кейін оларды уақтылы тіркеу және есепке қою, сондай-ақ қызметтік автокөліктерді сақтандыру бойынша тиісті шаралар қабылдануы туралы шешім қабылданды.

14. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: «Методология научного исследования» оқу құралын бойынша сөз кезегі Жалпы білім беру пәндері кафедрасының бастығы Н.Каироваға беріледі

Н. Каирова: «Методология научного исследования» оқу құралының барлық талқылаулардан өткендігін жеткізді. Оқу құралының 7М12301 «Құқық қорғау қызметі» магистранттарына арналғандығын, магистранттарды ғылыми-зерттеу әдістемелерімен таныстыруға және олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға бағытталған. Оқу құралында ғылыми зерттеудің әдістемесі мен әдістемелік негіздері қарастырылған, ғылыми жұмыстың түрлері (фундаменталды, қолданбалы, эмпирикалық зерттеулер), ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және басқару мәселелері, зерттеу нәтижелерін жария түрде ұсыну кезеңдері, ғылыми еңбектің этикасы және ғылыми ұжымды басқару әдістері қамтуға көмектесендігін жеткізді.

А. Сахарбай: Оқу құралы магистранттарға құқық қорғау қызметінің қызметкерлері ретінде ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі принциптері мен әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, магистранттардың ғылыми ойлау қабілеттерін, аналитикалық және критикалық тұрғыдан талдау дағдыларын дамытуға, зерттеу жобаларын дайындау, талдау және нәтижелерін ұсыну дағдыларын қалыптастыруға қызмет етеді. Оқу құралы теориялық және практикалық сабақтар, семинарлар, ғылыми-зерттеу жобалары мен тәжірибелік жұмыстар барысында қолданылуы ұсынылады. Сонымен қатар, ғылыми және практикалық қызметкерлер үшін әдістемелік көмекші материал ретінде де пайдалану мүмкіндігі бар.

А. Саттарова: Оқу құралы ғылыми әдістемелік тұрғыдан сапалы, өзекті және қолдануға ыңғайлы құрал ретінде қарастырылады. Ол магистранттарды дербес зерттеу жүргізуге, деректерді жинау мен талдауға, қорытынды жасауға және кәсіби құзыреттерін нығайтуға бағыттайды. Мазмұны арқылы оқу құралы ғылыми-зерттеу дағдыларын жүйелі қалыптастыруға, логикалық ойлау мен аналитикалық қабілеттерді дамытуға ықпал ететіндігін жеткізді. Мақұлдап, баспаға жіберу туралы ұсыныс білдірді.

Ғылыми кеңестің барлық мүшелері аталған ұсынысты қолдады. Қалыс қалған – жоқ.

ШЕШІМ:

1. 7М12301 – «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарға арналған «Методология научного исследования» пәні бойынша оқу құралы Ғылыми кеңесте мақұлданды.

2. «Методология научного исследования» пәні бойынша оқу құралын баспаға жіберу туралы шешім қабылданды.

15. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу (Сотқа дейінгі өндіріс)»: оқу құралы Т.Қаратаевпен бірлесе отырып әзірленді. Оқу құралы Оқу-әдістемелік кеңестің және Ғылыми әдістемелік кеңестің талқылауларынан өтіп, оң баға берілді. Оқу құралы туралы толық ақпарат беру үшін сөз кезегі Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы полиция полковнигі Т.Қаратаевқа беріледі.

Т. Қаратаев: Аталған оқу құралы Ғ.Есболаевпен бірлесе отырып әзірленді. Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ІІО еңбек сіңірген ардагері, отставкадағы полиция полковнигі Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің профессорынан Е.Т.Жалбуровтан; заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, отставкадағы полиция полковнигі ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Академиясының «Жедел іздестіру қызметі» кафедрасының профессоры Е.Т. Абилезовтан; полиция подполковнигі, ҚР ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының ІІО әкімшілік қызметі кафедрасының доценті В.В. Хасановадан - оң пікірлер алынды. Жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы з.ғ.к., қауымдастырылған профессор полиция полковнигі А. Ибраева сараптамалық қорытынды жасады.

Жұмыстың мазмұнында мемлекеттік құпияны және қол жеткізуге шектелген ақпаратты құрайтын мәліметтер жоқ. Кіріспеден, негізгі бөлім, өзін-өзі бақылау сұрақтары және қолданылған қайнар көздерден тұрады. 120 бетті қамтып отыр. Негізгі бөлім 14 тарауды қамтиды.

А. Сахарбай: Оқу құралы барлық кеңестің отырыстарында қаралып талқылаулардан өтті. Рәсімделу барысында орын алған кемшіліктер қалыпқа келтірілді. Баспаға ұсынуға болады деп есептеймін.

Е. Қайнар: Оқу құралымен таныстық оқу үрдісіне қажет деп ойлаймын.

А. Ибраева: Оқу құралын сарапшы ретінде қарап шықтым және сараптамалық қорытынды жасалды. Жұмыстың мазмұнында мемлекеттік құпияны және қол жеткізуге шектелген ақпаратты құрайтын мәліметтер жоқ. Кіріспеден, негізгі бөлім, өзін-өзі бақылау сұрақтары және қолданылған қайнар көздерден тұрады. Оқу құралы Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу құқығына арналып жазылған. Қазақстан Республикасы үлгілік оқу жоспарына және үлгілік оқу бағдарламасына, өзге де ғылыми жұмыстарға арналған ережеге сай дайындалған.

Аталған оқу құралы қолданыстағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің және өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің нормаларына сәйкес әзірленді.

Жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, студенттері, курсанттары мен магистрлеріне және тәжірибе қызметкерлері арналған. Сондықтан баспаға ұсынуға болады деп есептеймін.

Өзге де кеңес мүшелері: Н. Саханова; А. Саттарова кітапқа оң бағаларын берді. Баспаға жіберу туралы ұсыныс жасалды.

Ұсыныс Кеңес мүшелерімен бір ауыздан қабылданды.

ШЕШІМ :

1. Оқу құралы Ғылыми кеңестің отырысында талқыланып, мақұлданды.

2. Ғ.Есболаев, Т. Қаратаевтың Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу (Сотқа дейінгі өндіріс): оқу құралын баспаға жіберу туралы шешім қабылданды.

16. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Т. Каратаевтың ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетіне 50500- «Құқықтану ғылымдары» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынылған құжаттарыңызбен толықтай танысып шықтық. Бұйрыққа сәйкес әзірленген. Ғылыми-педагогикалық қызметтегі өтілі қандай?

Е. Қайнар: Каратаев Т.Ж. Заң ғылымдарының кандидаты, диплом нөмірі ҒК №0002131 (ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласында бақылау Комитетінің №10 шешімі, 25.09.2008ж.).

Қазақстан Республикасы ПО еңбек өтілі 28 жыл 4 ай. Ғылыми-педагогикалық қызметтегі өтілі 21 жыл 7 ай, оның ішінде диссертация қорғағаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 17

жыл 2 ай; кафедра, факультет бастығы лауазымындарында 5 жыл 4 ай; Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты Ғылыми кеңесінің ғылыми хатшысы лауазымында 2025 жылдың қыркүйек айынан (18.09.2025ж. № 223-ж/қ бұйрық) бері жұмыс атқаруда.

Ғылыми еңбектері Барлығы _33_, уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда_13_, Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының ақпараттық базасына ___, Scopus (Скопус) не JSTOR (ДЖЕЙСТОР) базалардағы ғылыми журналдарда_2_, шығармашылық еңбектер мен халықаралық рецензиялы журналдарда және республикалық басылымдарда -18.

Т. Қаратаевпен, «Қылмыстық процестік нормаларға сот билігінің түсіндірме беруінің теориялық және практикалық маңыздылығы: монографиясы» (7,8 б.п.). - Алматы: Alash Book, 2025. - 125 б. әзірленіп, жарық көрді.

Аттестациялық істі 28 қазан 2025 жылы Комитетке жіберген едік, алайда қосымша құжаттарды толықтыру мақсатында 13 қарашада кері қайтарып алдық. Ғылыми еңбектердің тізімі мен анықтама 2025 жылы 23 қарашада институттың сайтында жарияланды. Қазіргі таңда істің құжаттарын толықтыра отырып Ғылыми кеңестің бүгінгі отырысының талқылауына қайта ұсынып отырмыз.

Тұрдалы Жақсылыкович Қаратаев еселі еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен (Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылға 5 тамыздағы Жарлығы), «Батыр шапағаты» (2017 жылы), Ресей Федерациясы Құқық қорғау органдарының ардагерлері іскер қауымдастығы ҚБ «За заслуги в образовании» медалдарымен (2022 жылы) марапатталған.

А. Сахарбай: Т.Ж.Каратаев 2025ж. 18.09. институт бастығының №223 жеке құрам бойынша бұйрығына сәйкес Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы қызметін атқарады. Оқу процесінде өзінің жоғары кәсібилік, шығармашылығымен қатар, жаңа инновациялық технологияларды ұтымды қолдану шеберлігімен ерекшеленеді. Білікті заңгер ретінде құқық қорғау органдарындағы еңбек тәжірибесін қолдана отырып, білім алушылардың теориялық білімін практикалық мысалдармен бекітеді және олардың әкімшілік құқық саласында ғылыми зерттеулермен айналысуға қызығушылықтарын арттырады.

Т. Қаратаевпен 2009 жылдардан бастап 10-ға жуық оқу құралдары жазылып, оқу үрдісінде пайдаланған. Соңғы 2022, 2024 жж жазылған «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы» оқу құралдары қазіргі таңда оқу үрдісінде қолданылуда. 2025 жылы қазан айында «Қылмыстық процестік нормаларға сот билігінің түсіндірме беруінің теориялық және практикалық маңыздылығы: монографиясы» әзірленіп, баспадан шықты. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетіне Тұрдалы Жақсылыкович Қаратаевты қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін ұсынуға лайықты үміткер ретінде қолдаймын.

А. Ибраева: Турдалы Жаксылыкович Каратаев қылмыстық іс жүргізу және әкімшілік құқық саласындағы көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Оның ғылыми мақалалары бірқатар халықаралық журналдарда жарияланған. «Investigative activity in the investigation of crimes against the sexual integrity of minors» мақаласы жоғары рейтингті «АБ-Империя» Studies of New Imperial History and Nationalism in the post-Soviet Space журналында, «"Review of Studies on Sustainability" is now officially in press» Legal regulation of climate change in the context of global warming және өзге де ғылыми мақалалары 7 шетелдік ғылыми журналдарында жарияланған.

Сонымен қатар, 2015-2025 жылдар аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен республикалық басылымдарда 13 ғылыми мақаласы жарық көрген, соңғы екі мақаласы желтоқсан айында шықты.

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Заңнама Институтының Жаршысы, ғылыми-құқықтық журналында «Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық-процестік заңнамасын қолданудың кейбір проблемалары»; Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай Ш.Қабылбаев атындағы академиясының «Ғылым» халықаралық ғылыми журналында «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық заңнамасы бойынша мүгедек тұлғаларға қатысты кейбір әкімшілік жазаларды қолданудың мәселелері», «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауда аса қатыгездік белгілерін анықтаудың маңыздылығы»; «Құқық қорғау органдары Академиясының жаршысы» ғылыми журналында «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес тұлғаларды жазадан босатудың кейбір мәселелері»; Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы» ғылыми-құқықтық журналында: «Понятие и система процессуально-правовых гарантии прав и законных интересов участников уголовного процесса», «Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс жүргізу барысында іске қатысушылардың құқықтарын қорғаудың кейбір мәселелері», «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы нормаларды қолдану барысында туындайтын кейбір мәселелер»; «Право потерпевшего на ознакомление с материалами уголовного дела в судебных стадиях уголовного процесса», «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру кезіндегі қорғаушыны қатыстыру барысында туындайтын кейбір проблемалар», «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сай әкімшілік қамаққа алу түріндегі жазаны қолданудың проблемалары», Қазақстан Республикасы ІІО қызметкерлерінің дене күштері, арнаулы құралдары мен атыс қаруын қолданудың құқықтық проблемалары атты ғылыми мақалалары жарияланды.

Турдалы Жаксылыковичтің 2022, 2024 жж шыққан «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы» пәнін жарық көрген оқу құралдары республикадағы Жоғарғы оқу орындарында оқу үрдісінде кеңінен пайдаланылып отыр. 2025 жылы қазан айында «Қылмыстық процестік нормаларға сот билігінің түсіндірме беруінің теориялық және практикалық

маңыздылығы»: монографиясы қазанда талқылаудан өтіп, баспадан жарық көрді, қолданыста.

Турдалы Жаксылыкович Каратаев ғылыми-әдістемелік, оқытушылық жұмыс нәтижелері бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетіне ұсынуды қолдаймын.

Ғ.Есболаев: Құрметті Ғылыми Кеңесінің мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде қарастырылған сұрақ бойынша пікір білдіретіндеріңіз бар ма? Қарастырылып отырған мәселе бойынша сұрақтар болмаса, Ғылыми Кеңестің ережелеріне сәйкес дауыс беруді ұсынамын. Сіздерге дауыс беру бюллетеньдері ұсынылады, онда үміткердің тегі, аты көрсетілген бағанада *келісемін, қарсы, қалыс қалды* жауаптары көрсетілген. Көрсетілген жауаптың бірін таңдау негізінде өздеріңіз бір нұсқаны белгілеуге міндеттісіздер. Комиссия төрағасы Е.Кайнар, комиссия мүшелері: А.Сахарбай және А.Ибраева дауыс беруді атқарады. Дауыс беру бекітілген тәртіпке сәйкес өтті. Комиссия ҚР ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми Кеңес мүшелерінің дауыстарын санап, дауыс беру қорытындыларын жариялады. Ғылыми Кеңеске қатысқан мүшелердің дауыс беру бюллетеньдерін тексеру қорытындысы төмендегідей тәртіпте белгіленді: *келісемін-27, қарсы-жоқ, қалыс қалғандар-жоқ.*

ҚР ИМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми Кеңес мүшелері бірауыздан Турдалы Жаксылыкович Каратаевтың кандидатурасын 50500- «Құқықтану ғылымдары» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетіне ұсынуды қолдады. ҚР ИМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми Кеңесі қарастырылған мәселе бойынша шешім қабылдады.

ШЕШІМ:

1. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің алдында Қазақстан Республикасы ИМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы, заң ғылымдарының кандидаты Турдалы Жаксылыкович Каратаевқа 50500 - «Құқықтану ғылымдары» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) атағын беруге ұсыным жасалды.

2. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетіне Қазақстан Республикасы ИМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы, заң ғылымдарының кандидаты Турдалы Жаксылыкович Каратаевтың 50500 - «Құқықтану ғылымдары» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) атағын беру жөнінде мәселені шешу үшін құжаттарды жіберу туралы ұсыныс қабылданды.

17. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Күн тәртібіне Алқалы басқару органдарының оның ішінде Ғылыми Кеңестің төрағасы мен орынбасарларын сайлау жөнінде сұрақты қойып отырғандығын жеткізді. «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығына қатысты жасалынған өзгерістер мен толықтырулар ендіру туралы» 2025 жылғы 21 қазандағы № 491 бұйрығы қабылданған. Осы бұйрықтың негізінде, институттың алқалы басқару органдарының (Ғылыми, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік кеңестердің) құрамын жасақтау мақсатында 2025 жылғы 9.12 менің «Сайлау комиссиясының құрамы туралы» №201 бұйрығын қабылдағандығын, аталған бұйрыққа сай: комиссия құрамына: төраға ретінде - мен; мүшелері ретінде - институт бастығының орынбасарлары: Е. Қайнар; А. Сахарбай; С. Айжанов; Ж. Абрахманов; М. Алғожаев және ғылыми хатшы Т. Қаратаев; ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің ғылыми қызметкері А. Алимбиев енді. Сайлау комиссиясы құрамының негізгі міндеті алқалы басқару органдарының оның ішінде Ғылыми Кеңестің мүшелерін сайлау болып табылатындығын айтты.

Е. Қайнар: Сайлау комиссиясы 2025 жылы 17 желтоқсанда сайлау комиссиясының отырысын өткізіп, Алқалы басқару органдарының оның ішінде Ғылыми Кеңестің мүшелерін іріктеп алды. ҚР ҒжЖБМ № 157 бұйрығына сай отырыста алқалы басқару органдарының, оның ішінде Институттың ғылыми кеңесінің мүшелерін іріктеп сайлап алуымыз керек боратын.

Т. Қаратаев: Құрметті төраға және әріптестер! 17 желтоқсанда өткен отырыста келесідей комиссия мүшелері іріктеп алынды: Олар:

1. Төраға, Институт бастығы полиция полковнигі Г. Есболаев;
2. Төрағаның орынбасары, Институт бастығының орынбасары полиция полковнигі Е. Қайнар
3. Институт бастығының орынбасары полиция полковнигі А. Сахарбай
4. Институт бастығының орынбасары полиция полковнигі С.Айжанов;
5. Институт бастығының орынбасары полиция полковнигі М.Алғожаев;
6. Институт бастығының орынбасары полиция полковнигі Ж.Абдрахманов;
7. Ғылыми Кеңестің ғылым хатшысы полиция полковнигі Т. Қаратаев;
8. Жоспарлау және бақылау бөлімінің бастығы полиция полковнигі А.Тайшыбаева;
9. Кәсіби даярлық факультетінің бастығы полиция полковнигі Д.Амангельдиев;
10. Қосымша білім беру факультетінің бастығы полиция полковнигі А.Саттарова;
11. Оқу-әдістемелік орталығының бастығы полиция полковнигі Н.Чупринюк;

12. Жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы полиция полковнигі А. Ибраева;

13. Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы полиция полковнигі Н.Саханова;

14. Дене шынықтыру кафедрасының бастығы полиция полковнигі А.Мерғалиев;

15. Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының бастығы полиция подполковнигі Е.Алдияров;

16. Арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының доценті полиция подполковнигі Е.Туребеков;

17. Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Л.Жубандыкова;

18. Әкімшілік құқық және ПО әкімшілік қызметі кафедрасының доценті полиция подполковнигі В.Хасанова;

19. Кәсіби-психологиялық даярлық кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Т.Бисенова;

20. Жалпы білім беру пәндері кафедрасының бастығы з.ғ.к. Н.Каирова;

21. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мамандарды даярлау орталығының бастығы полиция полковнигі М.Найманбаев;

22. Ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің ғылыми қызметкері полиция подполковнигі А.Алимпиев;

23. Жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімнің бастығы полиция подполковнигі А.Курманова;

24. Тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Б.Уаисов;

25. Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры з.ғ.к. Ф.Галым;

26. Ардагерлер Кеңесінің төрағасы В.А. Сюняков;

27. Кәсіби даярлық факультетінің магистранты полиция капитаны А.Жұмағұлов;

28. Кәсіби даярлық факультетінің 2 курс 203 тобының курсанты Д.Кулмуханова.

Ал, бүгінгі, отырыста сайланған мүшелердің арасынан Ғылыми Кеңестің төрағасы мен оның орынбасарын сайлау қажет. Одан кейін Ғылыми Кеңестің шешіміне сай кеңестің жаңа құрамын бекіту туралы бұйрық жобасы әзірленіп, бекіту үшін институт бастығына ұсынылатын болады.

М. Алғожаев: Менің пікірімше бүгінгі жиында төраға ретінде институт бастығын және орынбасары Е. Қайнарды өзгеріссіз қалдырсақ. Ғылыми кеңесті басқарып келеді. Жұмысты біледі.

Н. Саханова: Ия төраға мен орынбасарды өзгеріссіз қалдырсақ дұрыс деп ойлаймын.

Ақтөбе заң институтының Ғылыми Кеңес мүшелері аталған ұсынысты толық қолдады. Қалыс қалғандар-жоқ.

ШЕШІМ :

1. Ғылыми кеңестің төрағасы ретінде Ғ. Есболаев, оның орынбасары ретінде Е. Қайнар ұсынылды.

2. Ғылыми Кеңестің шешіміне сай кеңес құрамын бекіту туралы бұйрық жобасы әзірленіп, бекіту үшін институт бастығына ұсынылатын болады.

18. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Келесі сұрағымыз Ғылыми кеңестің ережесін талқылап бекіту болып табылады. Осы жөнінде ақпарат беру үшін сөз кезегі Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы полиция полковнигі Т.Қаратаевқа беріледі.

Т. Қаратаев: Ғылыми кеңестің ережесі соңғы рет 2025 жылы 23 сәуірде бекітілген болатын. Алайда «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығына қатысты» 2025 жылғы 21 қазанда өзгерістер мен толықтырулар ендіру туралы № 491 бұйрығы қабылданды. Сонымен қатар, өздеріңіз білесіздер 2025 жылы 17-22.11 аралығында оқу орнына Ғылым және Жоғарғы білім министрлігінен тексеру комиссиясы тексерулер жүргізді. Осы кезеңде біз Ереженің бірқатар нормаларына өзгерістер жасау қажет екендігіне көз жеткіздік. Е. Қайнар мырзамен бірлесе отырып, ереже жобасын жасап, қазір сіздердің талқылауларыңызға ұсынып отырмыз.

Е. Қайнар: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері. Ия біз Т. Қаратаев мырзамен бірлесіп Ғылыми кеңестің жаңа ережесінің жобасын әзірледік. Қазір сіздердің талқылауларыңызға ұсынып отырмыз. Қолдауларыңызды сұраймыз.

Төраға: Ия уақыт өте, сонымен қатар бұйрықтардың өзгеруіне байланысты, қажеттілікке сай Ғылыми кеңестің ережесі жетілдіріп отыруы тиіс.

Ғылыми кеңес мүшелері бір ауыздан мақұлдады.

ШЕШІМ:

1. Ұсынылған «Ғылыми кеңестің Ережесі» мақұлданды.
2. Ғылыми кеңестің ережесі бекітілу үшін институт бастығына ұсынылсын.

19. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Келесі күн тәртібінде тұрған сұрақ А. Тайшыбаеваның «Правовые и этические аспекты внедрения искусственного интеллекта в уголовное судопроизводство»: монографиясын талқылау болып табылады.

А. Тайшыбаева: Құрметті Ғылыми Кеңестің мүшелері! «Правовые и этические аспекты внедрения искусственного интеллекта в уголовное судопроизводство»: монографиясы ауқымды еңбек болып табылады. Қазіргі таңда киберқылмыстылық та артып, техниканың көмегімен жасалынатын құқық бұзушылықтардың да саны көбейіп келеді.

Сондықтан, біздің пікірімізше қылмыстықпен күресу үшін қылмыстық іс барысында да жасанды интеллектіні қолдану, оны іс жүргізуге ендіре отырып, құқық бұзушылықтарды ашу, іске қатысты дәлелдеме алу мақсатында кеңінен қолдану күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі болып табылады.

Т. Қаратаев: Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жасаған Жолдауында: «Қазақстан жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам басты, сондықтан жасанды интеллектінің құқықтық тұрғыдан реттеу керек екендігін, сондықтан оны реттейтін кодекс қабылдау керек екендігін» атап көрсетті. Яғни жасанды интеллектінің барлық салаларға енгізу керек. Президенттің тапсырмасын орындау барлық саладағы мемлекеттік органдардың басты міндеті болып табылады. Оның ішінде ішкі істер органдарының алар орны ерекше. А. Тайшыбаеваның ғылыми жұмысы күн тәртібіне сай жұмыс болып табылады.

А. Сахарбай: А.Тайшыбаеваның «Правовые и этические аспекты внедрения искусственного интеллекта в уголовное судопроизводство»: монографиясын қазіргі таңдағы мемлекеттің басым бағыттарының бірі болып табылады. Аталған зерттеу жұмысында жасанды интеллектінің қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізуге қатысты мәселелері қаралады. Оның іс жүргізу барысында қолданылуының маңыздылығы мен ерекшеліктері талқыланады.

Өзге Ғылыми кеңестің мүшелері: Д. Амангелдиев; А. Саттарова; А. Ибраева монографиялық зерттеу жұмысына оң бағаларын берді.

Баспаға жіберу туралы ұсыныс жасалды.

Ұсыныс Кеңес мүшелерімен бір ауыздан қабылданды.

ШЕШІМ :

1. А.Тайшыбаеваның «Правовые и этические аспекты внедрения искусственного интеллекта в уголовное судопроизводство»: монографиясы Ғылыми кеңестің отырысында талқыланып, мақұлданды.

2. А.Тайшыбаеваның «Правовые и этические аспекты внедрения искусственного интеллекта в уголовное судопроизводство»: монографиясын баспаға жіберу туралы шешім қабылданды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы

Төраға: Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беру үшін сөз Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы полиция полковнигі Т.Қаратаевқа беріледі.

Т. Қаратаев: «2025-2026 жж арналған Ғылыми кеңестің» жоспарына сәйкес бүгінге дейін 4 рет Ғылыми кеңестің отырыстары өткізілгендігін, жоспарға сай 47 сұрақ, жоспардан тыс – 30 сұрақ, жалпы 77 сұрақ қаралғандығын. Онда: ғылыми жұмыстар; оқу әдістемелік жұмыстары; институттың ұйымдастырушылық қызметі жұмыстары талқыландығандығын айтты.

2025 жылы 26 қазанда өткізілген ҒК №4 отырысында 20 сұрақ қарастырылды. Оқу әдістемелік жұмыстарының нәтижесі мен кестелері - 2; ғылыми жұмыстардың есептері - 13; ғылыми конференциялардың жинағы – 2; оқу құралдары – 3. Қазіргі таңда қорытынды есептерге қол қойылып бекітілді,

оқу құралдары баспаларға жіберілгендігін, Ғылыми кеңестің 4 отырысында қаралған сұрақтардың толық орындалғандығын жеткізді.

ШЕШІМ:

1. «Ғылыми кеңестің шешімдері» бекітілген мерзімдерге сай орындалсын.
2. Ғылыми кеңестің шешімдерінің орындалғандығы жөнінде ақпарат ғылыми хатшыға баяндалсын.

Ғылыми кеңестің төрағасы
заң ғылымдарының кандидаты, доцент
полиция полковнигі



Ғ. Есболаев

Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы
заң ғылымдарының кандидаты,
полиция полковнигі

Т. Қаратаев